



табылатынын және солай бола тұрып ядролық қаруды немесе басқа ядролық жарылғыш құрылғыларды шығармауға немесе қандай да бір өзгеше тәсілмен сатып алмауға міндеттенгенін және Тараптардың әрқайсысының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (бұдан әрі «МАГАТЭ» деп аталатын) ЯҚТШ-ға байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісім жасасқанын мойындай отырып;

ЯҚТШ-ның қатысушылары болып табылатын Тараптардың өздеріне ядролық материалдармен, арнайы ядролық емес материалдармен, жабдықтармен, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ғылыми және технологиялық ақпаратпен алмасуға ықпал ететін міндеттемелер алғанына және қатысуға міндетті өздеріне алғанына және ЯҚТШ-ның қатысушылары болып табылатын Тараптардың да ынтымақтаса алатындығына және басқа мемлекеттермен бірлесіп атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы бұдан кейінгі қызметке үлес қосатындықтарына ерекше мән бере отырып;

осыған байланысты, осы мақсатта бір-бірімен ынтымақтастыққа ниет білдіре  
о т ы р ы п ;

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

Қазақстан Республикасы үшін – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, ал Канада үшін Канаданың Ядролық қауіпсіздік комитеті «құзыретті органды» білдіреді. Осы Келісім бойынша Тараптардың бірінің құзыретті органы өзгергенде, ол басқа Тарапты бұл туралы жазбаша хабардар етеді;

«жабдықтар» осы Келісімнің А қосымшасында санамаланған кез келген жабдықты  
б і л д і р е д і ;

«ядролық материал», бұл терминдер МАГАТЭ Жарғысының XX бабында айқындалғандай, кез келген бастапқы материалды немесе кез келген арнайы бөлшектенуші материалды білдіреді. МАГАТЭ Жарғысының XX Бабына сәйкес МАГАТЭ басқарушыларының Кеңесі қабылдаған «бастапқы материал» немесе «арнайы бөлшектенуші материал» ретінде қаралатын материалдардың тізіміне өзгеріс енгізетін кез келген анықтаманың осы Келісімнің Тараптары осындай өзгеріспен келісетіндіктері туралы бір-біріне жазбаша түрде хабарлағаннан кейін ғана осы Келісім  
ү ш і н к ү ш і б о л а д ы ;

«тұлға» Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес құрылған кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;

«арнайы ядролық емес материал» осы Келісімнің В қосымшасында көрсетілген кез келген  
з а т т ы б і л д і р е д і ;

«технология» өнім беруші Тарап табыстауға дейін және алушы Тараппен

консультациядан кейін ядролық қаруды таратпау тұрғысынан алғанда мәні бар деп айқындаған, қандай да бір ядролық материалды, арнайы ядролық емес материалды немесе жабдықтарды әзірлеуге, өндіруге немесе пайдалануға қажетті нақты ақпаратты білдіреді. Бұл ақпарат жазбаша түрде немесе басқа тасушыларда (мысалы, дискілерде, есте сақтаушы құрылғыларда және т.б.) берілген техникалық сызбаларды, жоспарларды, кестелерді, үлгілерді, формулаларды, техникалық жобалар мен ерекшеліктерді, басшылықтар мен нұсқаулықтарды қамтитын, бірақ та жұртшылық үшін қолжетімді ақпаратты болдырмайтын техникалық деректер түрінде ұсынылуы мүмкін.

## 2-бап

Осы Келісімде көзделетін ынтымақтастық атом энергиясын бейбіт мақсаттарда пайдалануды, дамытуды және қолдануды қамтиды және басқалармен қатар мыналарды қ а м т у ы м ү м к і н :

- 1) төмендегілер жөніндегі, технологияны қоса алғанда, ақпаратпен алмасу:
    - (1.1) зерттеу және әзірлеу,
    - (1.2) денсаулық сақтау, ядролық қауіпсіздік, авариялық жоспарлау және қоршаған ор т а н ы қ о р ғ а у ,
    - (1.3) жабдықтар (техникалық шешімдерді, сызбалар мен ерекшеліктерді ұсынумен),
    - (1.4) ядролық материалдарды, арнайы ядролық емес материалдарды және жабдықтарды пайдалану (технологиялық үдерістерімен және ерекшеліктерімен), және патенттік құқықтарды және осы ақпаратқа қатысы бар басқа да меншік құқықтарын б е р у ;
  - 2) ядролық материалдарды және арнайы ядролық емес материалдарды және ж а б д ы қ т а р д ы ж е т к і з у ;
  - 3) ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, медицинада және энергетикада атом энергиясын пайдалану жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыру;
  - 4) тараптар тұлғаларының арасындағы өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық;
  - 5) т е х н и к а л ы қ к ө м е к б е р у ;
- б) уран қорларын барлау және игеру.

## 3-бап

1. Тараптар осы Келісімнің қолданылу саласына кіретін мәселелер бойынша өздерінің тиісті заңдық құзырындағы тұлғалар арасындағы ынтымақтастыққа ықпал е т е д і ж ә н е ж ә р д е м д е с е д і .

2. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес Тараптардың бірінің заңдық құзырындағы тұлғалар екінші Тараптың заңдық құзырындағы тұлғаларға коммерциялық немесе мүдделі тұлғалар қабылдауы мүмкін өзге де шарттармен ядролық материалды, арнайы ядролық емес материалды, жабдықтар мен технологияны бере алады немесе олардан

а л а

а л а д ы .

3. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес Тараптардың бірінің заңдық құзырындағы тұлғалар коммерциялық немесе мүдделі тұлғалар қабылдауы мүмкін өзге де шарттармен екінші Тараптың заңдық құзырындағы тұлғаларды атом энергиясын бейбіт мақсаттарға қолдану саласында техникалық даярлауды жүзеге асыра алады.

4. Тараптар осы Келісім шеңберіндегі қызметке қатысы бар сарапшылармен, техникалық персоналмен және мамандармен алмасуға ықпал етуге күш салады.

5. Тараптар өздерінің тиісті заңдық құзырындағы тұлғалар алмасатын коммерциялық және өндірістік құпияларды қоса алғанда, ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін қажетті барлық сақтандыру шараларын қолданады.

6. Тараптар белгілеген шарттарға сәйкес бірлесіп, атом энергиясы өндірісінің қауіпсіздігі мен реттеу мәселелері бойынша ынтымақтаса алады.

7. Тараптардың бірде-біреуі осы Келісімнің ережелерін коммерциялық артықшылықтар алу немесе басқа Тараптың коммерциялық қатынастарына араласу мақсатында п а й д а л а н б а й д ы .

8. Тараптар арасындағы ынтымақтастық осы Келісімнің шарттарына, олардың мемлекеттерінің қолданыстағы заңдары мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4-бап**

1. С Қосымшада көрсетілген ядролық материал, арнайы ядролық емес материал, жабдықтар және технологиялар, егер Тараптар өзгеше келіспесе, осы Келісімнің қолданылу аясына ж а т қ ы з а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында қамтылмайтын басқа заттар, егер Тараптар бұл туралы жазбаша нысанда уағдаласса, осы Келісімнің қолданылу аясына жатқызады.

3. Осы Келісімге сәйкес Тараптар арасында тікелей немесе үшінші тарап арқылы ядролық материалды, арнайы ядролық емес материалды, жабдықтарды немесе технологияларды кез келген тапсыруды жүзеге асыруға дейін Тараптар жазбаша хабарламалармен алмасуға тиіс.

#### **5-бап**

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материалды, арнайы ядролық емес материалды, жабдықтарды немесе технологияларды өзінің заңдық құзырындағы тапсырғанға дейін басқа Тараптың жазбаша келісімін алады.

#### **6-бап**

Осы Келісімнің шарттарына сәйкес осы Келісімнің қолданылу аясына жататын кезкелген ядролық материалды уран-235 изотопы бойынша 20 (жиырма) немесе одан да көп пайызға дейін байытуды бастаудан бұрын немесе кез келген ядролық материалды өңдеуді бастаудың алдында, Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың жазбаша келісімін алады. Мұндай келісім берілген кезде 20 (жиырма) немесе одан да көп пайызға дейін байытылғанда алынған плутоний немесе уранды сақтауға және пайдалануға болатындай жағдай айқындалуға тиісті. Тараптар осы ережені орындауға ықпал ететін шарт жасаса алады.

## 7-бап

1. Осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материал, арнайы ядролық емес материал, жабдықтар мен технологиялар қандай да бір жағдаймен ядролық қару немесе басқа ядролық жарылғыш құрылғылар жасау немесе сатып алу үшін п а й д а л а н ы л м а у ғ а т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ядролық материал бойынша міндеттемелердің орындалуы ЯҚТШ-ға байланысты әрбір Тарап МАГАТЭ-мен жасасқан Кепілдіктер туралы келісімге сәйкес тексерілетін болады.

3. Егер МАГАТЭ Тараптардың бірінің аумағында қандай да бір себеппен немесе кез келген уақытта осы баптың 2-тармағында белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз етпесе, онда бұл Тарап басқа Тараппен:

1) мазмұны мен тиімділігі бойынша кепілдіктер туралы ауыстырылатын келісімге тең кепілдіктер туралы келісім немесе

2) МАГАТЭ INFCIRC/66 құжатында, сондай-ақ Тараптар қабылдаған оған кейінгі кез келген түзетулерде айқындалған кепілдіктер жүйесінің қағидаттары мен рәсімдеріне сәйкес келетін және осы Келісімде қамтылатын барлық мәселелер бойынша кепілдіктерді қолдануды көздейтін кепілдіктер жүйесін құру мақсатында жедел келісімге келеді.

## 8-бап

1. Я д р о л ы қ м а т е р и а л д а р :

1) оның ары қарай пайдалануға жарамсыздығы немесе осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген кепілдіктер тұрғысынан алғанда мәні бар қандай да болсын ядролық қызметте пайдалануға жарамды болатындай нысанда өңдеу үшін бастапқы қалпына келтіруге мүлдем жатпайтындығы анықталмайынша. Тараптарының бірі МАГАТЭ болып табылатын кепілдіктер туралы келісімдерге сәйкес жасалған кепілдіктерді қолданудың тоқтатылғаны туралы екі Тарап МАГАТЭ анықтамасын қабылдайды;

2) ол осы Келісімнің 5-бабының ережелеріне сәйкес үшінші Тарапқа берілмейінше; н е м е с е

3) Тараптар жазбаша түрде өзгеше келісімге келмейінше осы Келісімнің қолданылу аясына жатады.

2. Арнайы ядролық емес материал мен жабдықтар:

1) осы Келісімнің 5-бабының ережелеріне сәйкес олар үшінші Тарапқа аясына берілмейінше;

2) Тараптар жазбаша түрде өзгеше келісімге келмейінше осы Келісімнің қолданылу аясына жатады.

3. Технология Тараптар өзгеше уағдаласпағанша, осы Келісімнің қолданылу аясына жатады.

## 9-бап

1. Тараптардың әрқайсысы қатерлердің бағалануына сәйкес өзінің заңдық құзырындағы және осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материалдардың физикалық қорғанысын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады және оларға кем дегенде, осы Келісімнің D қосымшасында баяндалған физикалық қорғаудың деңгейін пайдаланады.

2. Тараптар, халықаралық тасымалдау кезіндегі физикалық қорғауға қатысты мәселелерді қоса алғанда, Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материалды, арнайы ядролық емес материалды, жабдықтар мен технологияларды физикалық қорғауға қатысты мәселелер бойынша консультация өткізуге тиіс.

## 10-бап

1. Тараптар, Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша осы Келісім бойынша міндеттемелерді тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында кез келген уақытта консультация өткізе алады. Екі Тараптың өтініші бойынша ондай консультацияға қатысуға МАГАТЭ шақырылуы мүмкін.

2. Тараптардың құзыретті органдары осы Келісім ережелерінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік рәсімдерді белгілейді.

3. Тараптардың кез келгені олардың біреуінің өтініші бойынша басқа Тарапты оның мемлекетінің аумағындағы осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материалға қатысты тексеру жүргізу бойынша жүргізілген өзінің соңғы есебіндегі МАГАТЭ жасаған қорытындылар туралы хабардар етеді.

## 11-бап

1. Тараптар осы Келісімнің орындалуын немесе оның орындалуына қатысты мәселелерді қарау үшін Тараптардың кез келгенінің сауалы бойынша келіссөздер мен

2. Осы Келісімді түсіндіру немесе орындау кезінде туындаған кез келген дауларды реттеуге Тараптардың келіссөздері немесе консультациялары барысында қол жеткізілуі тиіс.

3. Осы Келісімді түсіндіруге немесе орындау кезінде байланысты туындаған, келіссөздер жолымен немесе өзге тәсілмен реттелмеген кез келген дау Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша үш төрешіден тұратын төрелік сотқа беріледі. Тараптардың әрқайсысы бір тәуелсіз төрешіден тағайындайды. Осылай тағайындалған екітөреші Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылмайтын, төраға ретінде болатын үшінші тәуелсіз төрешіні сайлайды. Егер төрелік талқылауды жүргізу туралы өтініштен соң Тараптардың бірі 30 (отыз) күн ішінде төреші тағайындамаса, дауға қатысушы болып табылатын басқа Тарап БҰҰ-ның Халықаралық Сот Президентінен төреші тағайындамаған Тарап үшін төреші тағайындауды сұрай алады. Егер екі Тарап үшін төрешілер сайланғаннан немесе тағайындалғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде үшінші төреші сайланбаса, Тараптардың кез келгені БҰҰ-ның Халықаралық Сот Президентінен үшінші төрешіні тағайындауды сұрай алады. Төрелік сот мүшелерінің көпшілігі кворум құрайды және барлық шешімдер төрелік сот мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Төрелік рәсімді төрелік сот белгілейді. Төрелік соттың шешімі екі Тарап үшін де міндетті және олар орындауға тиісті. Төрешілердің қызметіне ақы төлеу БҰҰ-ның Халықаралық Сотының уақытша судьялары (ad hoc) үшін төленетін негізде белгіленеді.

## 12-бап

Тараптар өзара жазбаша келісім бойынша осы Келісімге түзетулер енгізе алады және осы Келісімге кез келген осындай түзетулер осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген ережелерге сәйкес күшіне енеді.

## 13-бап

Осы Келісімнің А, В, С, D қосымшалары оның ажырамас бөлігін құрайды.

## 14-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы Тараптардың дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім 30 (отыз) жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі тиісті мерзім аяқталуына дейін кемінде 6 (алты) айдан кешіктірілмейтін мерзімде өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапты жазбаша нысанда

хабардар етпесе, оның қолданысы келесі он жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылды.

3. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда, осы Келісімнің 1-бабында, 3-бабының 5-тармағында және 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-баптарында көзделген міндеттемелер Тараптар өзгеше келісімге келгенше, Тараптар үшін күшінде қалады.

Осыны растау үшін, оған өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар, осы Келісімге қол қойды.

2013 жылғы «13» қарашада әрқайсысы қазақ, ағылшын, француз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндер дәлме дәл болып табылады.

*Қазақстан Республикасының*

*Канада Үкіметі*

*Үкіметі үшін*

*үшін*

А ҚОСЫМША

## **Жабдықтар**

1. Ядролық реакторлар, плутоний өндіруде жылына 100 грамнан аспайтын ең жоғары есепті деңгейдегі реакторлар ретінде анықталатын, қуаты нөлдік реакторларды қоспағанда, өзін-өзі қолдайтын тізбекті бөліну реакциясының бақылау тәртібінде жұмыс істеуге қабілетті реакторлар.

«Ядролық реактор» негізінен реактор корпусының ішіндегі немесе оған тікелей қосылған бұйымдарды, белсенді аймақтағы қуат деңгейін реттейтін жабдық, және әдетте тікелей байланыста болатын немесе түсетін, немесе реакторлардың белсенді аймағындағы бастапқы жылу тасымалдағышты басқаратын бөлшектерді қамтиды.

Плутонийді жылына 100 грамнан едәуір көп мөлшерде өндіру үшін түрлендіруге тиісті түрде тартылуы мүмкін реакторларды жою көзделмейді. Қуаттың елеулі деңгейінде ұзақ пайдалануға арналған реакторлар, олардың плутоний өндіруге қабілеттілігіне қарамастан, «қуаты нөлдік реакторлар» ретінде қарастырылмайды.

2. Жоғары қысымды реакторлық корпустар: осы Қосымшаның 1-тармағында анықталғандай жиналған немесе оларға ядролық реактордың белсенді аймағын орналастыру үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған негізгі дайын бөлшектер түріндегі және бірінші контурдағы жылу тасымалдағыштың жұмыс қысымына шыдайтын металл корпустар.

Реактордың жоғары қысымды корпусының бетіндегі тақта жоғары қысымды корпусының негізгі бөлігі болып табылады.

3. Реактордың ішкі бөліктері: белсенді аймақтың және реттеуші өзектерге арналған бағыттаушы құбырларды, жылу экрандарын, тасаларды, белсенді аймақтың құбырлы торларын, диффузор тақталарын және т.б. корпусының басқа ішкі бөліктерін ұстап тұратын бағаналары мен тақталары.

4. Реактор отынын тиеуге және түсіруге арналған машиналар: осы Қосымшаның 1-



тармағында анықталғандай реактор толық қуатымен жұмыс істеп тұрған кезде пайдалануға болатын немесе тоқтатылған реакторда әдетте тікелей бақылау немесе отынға тура қол жеткізу мүмкін болмаған кезде отынды тиеу бойынша күрделі жұмыстарды жүргізуге жағдай туғызатын, жайғастыру немесе центрлеудің техникалық күрделі сипаттамаларына ие ядролық реактордан отынды тиеуге немесе алуға арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдық.

5. Реакторды басқару өзектері: осы Қосымшаның 1- тармағында анықталғандай ядролық реактордағы реакцияның жылдамдығын бақылау үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған өзектер. Бұл бұйым, егер олар бөлек жеткізілсе, нейтрондарды жұтуға арналған бөліктерден басқа, тіреу және аспалы құрылымдарды қамтиды.

6. Жоғары қысымды реакторлық құбырлар: осы Қосымшаның 1-тармағында анықталғандай жұмыс қысымы 50 атмосферадан жоғары болған кезде реактордағы бірінші контурдың отын элементтері мен жылу тасымалдағышты орналастыру үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған құбырлар.

7. Цирконий құбырлары: осы Қосымшаның 1-тармағында анықталғандай салмағы бойынша гафнийдің цирконийге қатынасы 1:500 төмен реакторда пайдалану үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған, жылына 500 кг көп мөлшерде метал цирконий немесе оның қорытпаларынан жасалған құбырлар мен құбырлардың құрастырулары.

8. Бірінші контур сораптары: осы Қосымшаның 1-тармағында анықталғандай ядролық реакторлардың бірінші контурының жылу тасымалдағышының циркуляциясын тоқтатпау үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған сораптар.

9. Сәулеленген отын элементтерін қайта өңдейтін қондырғылар және осыған арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдықтар:

«сәулеленген отын элементтерін қайта өңдейтін қондырғылар» ядролық материал мен бөліну өнімдерін өңдеудің негізгі ағындары мен сәулеленген отынмен тура байланыста болатын және тікелей басқаратын жабдықтар «және осы үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдық» сөз орамының мағынасына сәйкес болып саналатын жабдықтар мыналарды қамтиды:

1) сәулеленген отын элементтерін ұсақтауға арналған машиналар: жоғарыда белгілі болғандай, қайта өңдейтін қондырғыларда пайдалану үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған, сәулеленген ядролық отынның өзектерін немесе түйіндерін, құрастыруларын кесуге, қиюға немесе сыдыруға арналған, қашықтан басқарылатын жабдықтар;

2) жоғарыда анықталғандай, қайта өңдейтін қондырғыларда пайдалану үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған, сәулеленген ядролық отынды ерітуге арналған және ыстық, жоғары коррозиялық сұйықтыққа шыдайтын, сондай-ақ қашықтан тиеліп, техникалық жұмыс істейтін сыни қауіпсіз резервуарлар (мысалы, диаметрі шағын резервуарлар, дөңгелек немесе жалпақ бактар).

10. Отын элементтерін дайындайтын қондырғылар: «отын элементтерін дайындайтын қондырғылар»:

- 1) әдетте ядролық материалдың өндірістік ағынымен тікелей байланыста болатын немесе тікелей өңдейтін немесе оны басқаратын, немесе
- 2) ядролық материалды қабықшаның ішіне бекітетін, және
- 3) жоғарыда көрсетілген операцияларға арналған бөлшектердің, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген операциялардың кез келгеніне арналған жекелеген бөлшектердің, және қабықшаның тұтастығын немесе саңлаусыздығын тексеру және саңлаусыздандырылған отынды соңғы өңдеу сияқты отын өндіру жөніндегі басқа да операцияларға арналған толық жинақталымы.

11. Талдау аспаптарын қоспағанда, уран изотоптарын бөлу үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдықтар:

«Талдау аспаптарынан басқа, уран изотоптарын бөлу үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдықтар» бөлу үдерісі үшін арнайы құрастырылған немесе дайындалған жабдықтардың барлық негізгі элементтерін қамтиды. Мынадай элементтерді:

- 1) газды диффузиялық мембраналар;
- 2) газды диффузиялық камералар;
- 3) UF<sub>6</sub>-ға коррозияға төзімді газды центрифуга құрастырмалары;
- 4) шүмек тәрізді бөлуші элементтер;
- 5) құйын тәрізді бөлуші элементтер;
- 6) UF<sub>6</sub>-ға коррозияға төзімді ірі біліктік немесе сыртқа тебуші компрессорлар;
- 7) сосындай компрессорлар үшін арнайы тығыздаушы тораптарды қамтиды.

12. Ауыр су алуға арналған қондырғылар:

«ауыр су алуға арналған қондырғылар» дейтерийді немесе оның қосылыстарын байытуға арнайы арналған немесе дайындалған қондырғылар мен жабдықтарды, сондай-ақ қондырғыларды пайдалану үшін маңызды элементтердің кез келген едәуір санын қамтиды.

13. Уранды конверсиялайтын қондырғылар:

«уранды конверсиялайтын қондырғылар» уранды конверсиялауға арнайы арналған немесе дайындалған қондырғылар мен жабдықтарды қамтиды.

14. Осы Қосымшаның 1-13-тармақтарында көрсетілген бөлшектердің кез келген ірі құрамдас бөліктерін немесе бөліктерінің бөлшектерін қамтиды.

**В ҚОСЫМША**

### **Арнайы ядролық емес материал**

1. Дейтерий және ауыр су: дейтерий және А қосымшаның 1-тармағында анықталғандай, кез келген 12 айлық кезеңде 200 кг асатын мөлшердегі дейтерий

атомдарын ядролық реакторда қолдануға арналған дейтерийдің сутегіне арақатынасы 1: 5000 асатын, дейтерий және дейтерийдің кез келген қосылысы.

2. Ядролық-таза графит: 12 айдың кез келген кезеңінде 30 метрикалық тоннадан асатын мөлшердегі, тазалық деңгейі бор эквивалентінің 5 миллиондық үлесінен асатын және тығыздығы 1,50 г/см<sup>3</sup> көп графит.

**С ҚОСЫМША**

## **Осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ядролық материал, арнайы ядролық емес материал, жабдықтар мен технологиялар**

Мынадай ядролық материал, арнайы ядролық емес материал, жабдықтар мен технологиялар осы Келісімнің қолданылу аясына жатады:

1. Тараптар арасында тікелей немесе үшінші тарап арқылы берілетін ядролық материал, арнайы ядролық емес материал, жабдықтар мен технологиялар;

2. А қосымшада санамаланған уранды конверсиялауға арналған қондырғылардан басқа, осы Келісімнің қолданылу аясына жататын кез келген жабдықтар негізінде немесе пайдалану арқылы өндірілетін немесе өңделетін арнайы ядролық емес материал және ядролық материал;

3. Осы Келісімнің қолданылу аясына жататын кез келген ядролық материалды немесе арнайы ядролық емес материалды негізінде немесе пайдалану арқылы өндірілетін немесе өңделетін ядролық материалдар;

4. Алушы Тарап немесе жеткізуші Тарап алушы Тараппен консультациядан кейін жоғарыда аталған технологиялар немесе жоғарыда аталған жабдықтарға байланысты алынған деректер негізінде немесе пайдалану арқылы құрастырылған, жасалған немесе жұмыс істейтін жабдықтар; және

5. Жоғарыда айтылғанның жалпы сипатын шектемей, мынадай барлық үні критерийге сәйкес келетін жабдықтар:

1) 1-тармақта аталған жабдықтар сияқты, сондай үлгідегі жабдықтар болып табылатын жабдықтар (яғни оны құрастыру, жасау немесе жұмыс істеу ең алдымен 1-тармақта аталған жабдықтарды бергенге дейін Тараптардың жазбаша келісілген сол немесе сол сияқты, физикалық немесе химиялық үдерістерге негізделген);

2) алушы Тарап немесе жеткізуші Тарап алушы Тараппен консультациядан кейін анықтаған сол жабдықтар;

3) 1) тармақшада аталған жабдықтарды алғашқы пайдаланған күннен бастап 20 жылдан кешіктірмей алушы-Тараптың заңдық құзырындағы жерде алғашқы пайдалануы басталған жабдықтар.

**Д ҚОСЫМША**

## **Физикалық қорғаудың келісілген деңгейлері**

Тараптар қоса беріліп отырған кестедегі материалдарды пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде қамтамасыз етуге тиіс физикалық қорғаудың келісілген деңгейлерінің кем дегенде мынадай қорғау сипаттамалары болуға тиіс:

### III САНАТ

1. Қол жеткізуі бақыланатын аумақ шегінде пайдалану және сақтау.
2. Жөнелтушінің, алушының және тасымалдаушының арасындағы алдын ала уағдаластықты және халықаралық тасымал жағдайында, көлік жауапкершілігін тапсыру бойынша уақытын, орнын және тәртібін көрсетіп, Мемлекеттер арасындағы алдын ала уағдаластықты қоса алғанда, арнайы сақтық шараларына сәйкес тасымалдау.

### II САНАТ

1. Кіруі бақыланатын, күзетілетін аумақ шегінде пайдалану және сақтау, яғни ұдайы бақылаудағы, кіру пункттерінің саны шектеулі, тиісті тосқауылмен қоршалған күзеттің немесе электрондық құрылғылардың ұдайы бақылауындағы аумақтар немесе физикалық қорғаудың баламалы деңгейі бар аумақтар.
2. Жөнелтушінің, алушының және тасымалдаушының арасындағы алдын ала уағдаластықты, және халықаралық тасымал жағдайында, көлік жауапкершілігін тапсыру бойынша уақытын, орнын және тәртібін көрсетіп, Мемлекеттер арасындағы алдын ала уағдаластықты қоса алғанда, арнайы сақтық шараларына сәйкес тасымалдау.

### I САНАТ

Осы Санаттың материалдары рұқсатсыз пайдалануға қарсы мынадай өте сенімді жүйелермен қорғалуға тиіс:

1. Жақсы қорғалатын аумақтар шегінде пайдалану және сақтау, яғни жоғарыдағы II Санатта белгіленген, бірақ тиісті ден қою күштерімен өзара тығыз байланыстағы күзеттің бақылауымен нақты сенім дәрежесі бар тұлғалардан басқаларға кіруге шек қойылған сондай қорғалатын аумақ. Бұл мағынада қолданылатын арнайы шаралардың қандай да болсын шабуылды, рұқсатсыз кіруді немесе материалды рұқсатсыз алуды анықтау және болдырмау мақсаты болуға тиісті.
2. II және III Санаттардың заттары үшін жоғарыда келтірілген арнайы сақтық шараларына сәйкес және, бұдан басқа ұдайы күзеттің еріп жүруімен және тиісті ден қою күштерімен өзара тығыз байланысты қамтамасыз ететін жағдайларда тасымалдау.

## Ядролық материалдарды санаттар бойынша бөлу

Материал	Нысаны	I санат	II санат	III санат <sup>3</sup>
1. Плутоний <sup>1</sup>	Сәулеленбеген <sup>2</sup>	2 кг. немесе одан көп	2 кг-дан кем, бірақ 500 г-дан көп	500 г. немесе кем, бірақ 15 г-дан көп
	Сәулеленбеген <sup>2</sup>			
	20% <sup>235</sup> U-ға дейін немесе одан көп байытылған уран	5 кг. немесе көп	5 кг-дан кем, бірақ 1 кг-ден көп	1 кг. немесе кем, бірақ 15 г-дан көп

2. Уран-235	10% $^{235}\text{U}$ -дейін, бірақ 20% $^{235}\text{U}$ -дан кем байытылған уран		10 кг. немесе көп	10 кг.кем
	табиғидан жоғары, бірақ 10% $^{235}\text{U}$ кем байытылған уран			10 кг. немесе көп
3. Уран-233	Сәулеленбеген <sup>2</sup>	2 кг. немесе көп	2 кг-ден кем, бірақ 500 г. көп	500 г. немесе кем, бірақ 15 г көп
4. Сәулеленген отын			Кемітілген немесе табиғи уран, торий немесе аз байытылған отын ( 10% кем бөлінетін мөлшер) <sup>4, 5</sup>	

<sup>1</sup> Плутоний-238-де изотоптық концентрациясы 80% асатын плутонийден басқа барлық плутоний .

<sup>2</sup> Реакторда сәулеленбеген материал, немесе реакторда сәулеленген, бірақ қорғалмаған бір метр қашықтықта 100 рад/сағатқа тең немесе кем сәулелену деңгейіндегі материал.

<sup>3</sup> Мөлшері III санатқа жатпайтын табиғи уран, кемітілген уран және торий ұтымды пайдалану тәжірибесіне сәйкес қорғалуға тиісті.

<sup>4</sup> Осы қорғау деңгейі ұсынылғанымен, Тараптар жекелеген мән-жайларды бағалау негізінде физикалық қорғаудың басқа санатын белгілей алады.

<sup>5</sup> Сәулеленуге дейін бөлінетін материалдың бастапқы құрамына байланысты I немесе II санатқа кірген басқа отын, егер отынның сәулелену деңгейі қорғалмаған бір метр қашықтықта 100 рад/с-тан асса, деңгейі бойынша бір санаттан аспайтындай төмендетілуі мүмкін.